

БЕКІТІЛДІ
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» ЖЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2022 жылғы «25» қарашада № 9 хаттама)



**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

Қарағанды қ, 2022 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам, Университет, ҚарУ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына *(кейінгі өзгерістермен және толықтырулармен)*, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға, осы саладағы құқықтық мәдениетті арттыруға, кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік атмосферасын қалыптастыруға және олардың Қоғам мен оның қызметкерлерінің және білім алушыларының қызметіндегі жағымсыз салдарлардың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін құру.

1.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі міндеттері:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам қызметкерлерінің, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқы мен мәдениетін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау, сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою, олардың жағымсыз салдарларының алдын алу;

3) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне құқықтық сауаттылықты және нөлдік төзімділікті арттыру;

4) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу, корпоративтік әдеп қағидаларын сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу.

1.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

1.5 Сонымен қатар, университет қызметінде мынадай ашықтық және айқындық принциптері қолданылады.

1) адалдық - білім алушылардың оқу жұмыстарының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал әрі әдепті орындау;

2) автордың және оның құқықтық мұрагерлерінің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру - авторлықты тану және бағаланатын жұмыстарда басқаның сөзін, ойын дұрыс жеткізу және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық нысаны болып табылатын туындыларды қорғау;

3) ашықтық - айқындық, өзара сенім білдіру, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпараттармен және идеялармен ашық бөлісу;

4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу - пікірлер мен идеялардың еркін айтылу құқығы;

5) теңдік - әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларын ұстануды және оларды бұзу үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді;

1.6 Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс* - тиісті ұйымның, оның қызметкерлерінің және білім алушылардың Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қоғам ұстануға міндетті халықаралық шарттарда көзделген өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеушілік талаптарды, сондай-ақ Қоғамның көрсетілген талаптарды орындау жөніндегі саясат пен рәсімді белгілейтін ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) *сыбайлас жемқорлық* - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы адамдарды параға сатып алу;

3) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат* - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес өзге де шаралар;

4) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер* - ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

5) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл* - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

6) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган* - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

7) *сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық* - бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

8) *сыбайлас жемқорлық тәуекелі* - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

9) *сыбайлас жемқорлықтың алдын алу* - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

10) *мүдделер қақтығысы* - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

11) *академиялық адалдық* - оқу және оқыту процесінде, оның ішінде жазбаша жұмыстарды орындау, оларды бағалау кезінде, плагиаттан аулақ болу, академиялық стандарттарды ұстану, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарда, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынастарында адалдық пен қағидаттылықты сақтау тәрізді ұстанымдарды қамтитын, университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын айқындайтын моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидаттар мен құндылықтардың жиынтығы;

12) *плагиат* - басқаның еңбегінің, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметінің нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе қорғалатын нәтижелерімен иелік ету, ол басқа адамдарға нағыз автор ретінде өзі туралы жалған мәліметтерді жеткізумен сүйемелденеді;

13) *көшіру* - білім алушының немесе қызметкердің өзгенің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін теріс пиғылды мінез-құлқы;

14) *қайталау* - егер білім алушы оның авторы болып табылса да, профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) алдын ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты өзінің жеке, ішінара немесе толық жұмысы ретінде ұсыну әрекетін қоса алғанда, әртүрлі бағалау және талаптар шеңберіндегі бір жұмысты таныстыру;

15) *бұрмалау* - академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды; деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасауды); академиялық жұмыстағы қолдарды; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;

16) *жасыру* - академиялық өнімде жалған мәліметтерді жосықсыз ұсыну туралы ақпаратты айтпау және жасыру; зерттеулер мен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпарат беру;

17) *сөз байласу* - басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау туралы білім беру процесі субъектілері арасындағы өзара келісушілік;

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жекелеген принциптерінің жұмыс істеуі

2.1 Ақпараттық ашықтық қағидаты (*ақпараттың шынайылығы, уақытылы жариялануы*)

2.1.1 Ақпараттық ашықтық қағидаты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының жұмыс істеу режимін және олардың иелігіндегі ақпаратқа қол жетімділікті білдіреді.

Ашықтықтың негізгі тетіктеріне мынадай тетіктер жатады:

- 1) ресми интернет-сайтта ақпаратты ашу;
- 2) ашық деректер режимін пайдалану (деректерді одан әрі автоматты өңдеу үшін жарамды оқылатын түрде жариялау);
- 3) азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін өңдеу, сондай-ақ осы өтініштерге ден қою;
- 4) қоғамдық кеңестердің жұмысы;
- 5) БАҚ-пен өзара іс-қимыл;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптама және құқық қолданудың қоғамдық мониторингі;
- 7) қызмет жоспарын қабылдау және жыл сайынғы мақсаттар мен міндеттердің жария декларациясы, оларды қоғамдық талқылау және сараптамалық сүйемелдеу;
- 8) қызмет нәтижелері туралы жария есеп;
- 9) жоспарлардың, шешімдердің, бағдарламалардың, саясаттардың және нормативтік-құқықтық реттеудің түсінігін қамтамасыз ету (олардың қажеттілігі мен жоспарланған нәтижелерін түсіндіру);



10) барлық мүшелерді ақпараттандыру (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар): жаңалықтарды, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты, фото - және бейне есептерді жариялау;

11) барлық мүшелерді тарту (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар): пікірталастар ұйымдастыру, ведомствоның құжаттары мен бастамалары, жарияланған есептер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары және т. б. бойынша ұсыныстар, пікірлер мен түсініктемелер жинау;

12) парасаттылықты бұзу фактілері туралы хабарлаған персоналды қорғауды қамтамасыз ету.

2.1.2 Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қоғам құпия ақпаратты жария етпеуге, сондай-ақ заңнамада рұқсат етілген ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын пайдалануға міндеттеме алады.

2.1.3 Қоғам қолданыстағы заңнаманың, Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінің, ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес оқу орны, оқытушылар мен қызметкерлер туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етеді.

2.1.4 Қоғамның ақпараттық ашықтығы келесі міндеттерді орындауға бағытталған:

1) шешімдер қабылдау үшін талап етілетін корпоративтік ақпаратты қамтамасыз етуде мүдделі тараптардың құқықтарын іске асыруды ұсыну;

2) корпоративтік басқару сапасын арттыру;

3) коммуникациялық белсенділіктің өсу жағдайларын қалыптастыру;

4) Қазақстан Республикасының ақпаратты міндетті түрде ашу туралы заңнамасының талаптарын сақтау;

5) ашылуы және/немесе пайдаланылуы мемлекет мүдделеріне зиян келтіруі немесе бір мүдделі тұлғалардың басқаларынан негізсіз артықшылық келтіруі мүмкін Қоғам туралы деректердің (мәліметтердің) кепілдік берілген қауіпсіздігі (тең жағдайларда).

2.1.5 Мүдделі тараптардың ақпаратқа құқықтарын жүзеге асыруда және жедел және қолжетімді ақпаратты ұсынуда Қоғам тиісті хабарлау әдістерін қолданады:

1) ақпараттық агенттіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты ашу;

2) Қоғамның ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы ақпаратты жеткізу;

3) баспасөз конференциясы, көпшілік алдында сөз сөйлеу және мүдделі тұлғалармен жеке кездесу кезінде хабардар ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әдістер.

2.2 Қол жетімділік және түсініктілік принципі (жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясат)

2.2.1 Қабылдау үшін қарапайым және қолжетімді формада Қоғам қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, жоспарларын және нәтижелерін ұсыну.

Осы тетікті (құралды) іске асыру үшін стейкхолдерлерге қандай да бір құжаттың/шешімнің/әрекеттің қажеттілігі, ұсынылатын өзгерістер, олардың Қоғам қызметіне әсері, сондай-ақ қол жеткізілетін Әлеуметтік және экономикалық әсерлер туралы ақпарат беру мақсатында құжаттардың көрсетілген түрлеріне және шешімдерге қатысты түрлі форматтарда түсініктемелер әзірлеу ұсынылады.

2.2.2 Түсіндірмелерді әзірлеу бойынша негізгі бағыттар:

1) жоспарларды, шешімдерді, бағдарламаларды, саясаттарды дайындау және талқылау;

2) қабылданатын жоспарларды, шешімдерді, бағдарламаларды, саясаттарды және оларды іске асыру туралы ақпаратты кеңінен жариялау;

3) қызметтерді, оның ішінде электрондық түрде ұсыну.

2.2.3 Жоспарларды, шешімдерді, бағдарламаларды, саясаттарды дайындау кезінде қол жетімділік пен түсініктілікті ілгерілету бойынша жұмыс:

1) мүдделері қандай да бір жоспарда, шешімде, бағдарламада, саясатта қозғалатын мақсатты аудиторияны анықтау;

2) мақсатты аудиторияны референттік топтардың соңғы санына бөлу;

3) ең кең референттік топтарға, соңында - неғұрлым тар топтарға бағытталған материалдың басында орналасуы;

4) референттік топтардан ықтимал сұрақтарды ойластыру және оларға алдын ала жауап дайындау.

2.2.4 Түсіндірмелерді дайындау кезінде іс жүзінде маңызды ережелерді (бастамаларды, құжаттарды) барынша бөлу және түсіндіру үшін инфографиканы, презентациялық материалдарды, бейне және аудио жазбаларды, анимациялық материалдарды, зияткерлік карталарды және т.б. пайдалану ұсынылады. Түсіндірмелер нысанына қарамастан, олардың пайдаланушыларының мақсатты аудиториясын нақты анықтау қажет.

2.2.5 «Қолжетімділік пен түсініктілік» тетігін іске асырудан әсерге қол жеткізу үшін коммуникациялардың түрлі арналарын қолдану ұсынылады:

1) жаппай мекенжайға бағытталмаған коммуникациялар: теледидар, радио, баспасөз, сыртқы жарнама, әлеуметтік желілер;

2) жекелеген референттік топтарға әсер етуді болжайтын мекенжайлық коммуникациялар.

2.3 Азаматтық қоғамды тарту принципі

2.3.1 Әлемдік тәжірибеде мемлекеттің дамуының жетекші ресурстарының бірі адами және әлеуметтік капитал болып табылады, олардың негізінде адамдар, сондай-ақ олардың әлеуеті мен дамуы болады.

2.3.2 Азаматтық қоғам саласын пайымдау азаматтық қоғам:

1) азаматтардың (қызметкерлер мен білім алушылардың) мүдделерін қамтамасыз етуде мемлекеттің дамуына ынталандырады);

2) басқару мен қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру үшін кері байланыс тетігін қамтамасыз етеді;

3) есептілік пен ашықтық жағдайында шешімдер қабылдауға азаматтардың (қызметкерлер мен білім алушылардың) қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2.3.3 Қоғамда азаматтық белсенділікті (студенттік белсенділікті) дамыту үшін түрлі нысандар арқылы, оның ішінде еріктілер мен қайырымдылық сияқты нысандар арқылы қолайлы жағдай жасау қажет.

Бұл үшін:

1) Азаматтық қоғам институттарының жұмысы арқылы құқықтық сананы қалыптастыру;

2) студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің нақты жұмыс істеуі және студенттердің Қоғам деңгейіндегі басқарушылық шешімдерді қабылдауға толық қатысуын қамтамасыз ету;

3) Қоғамда құқық негіздерін оқыту практикасын жетілдіру;

4) қазақстандық қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде студенттік және жастар ұйымдарының рөлін арттыру;

5) Қоғамда әкімшілік жұмысты одан әрі ырықтандыру;

6) үкіметтік емес ұйымдарды қоғамдық қорғаушы институтын құруға бағытталған жобаларды әзірлеуге тарту;

7) халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтарын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағдарланған жобаларды жүйелі енгізу, үкіметтік емес ұйымдарды әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеуге белсенді тарту;

8) жастардың хабардар болуы мен білімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу жөніндегі бірлескен ақпараттық және ағартушылық науқандарды іске асыру;

9) қақтығыстарды шешу тетіктерін, келіссөздер және медиация орталықтары арқылы дауларды сотқа дейін реттеу практикасын белсенді енгізу;

10) гендерлік теңдікті дамыту және нығайту, қоғамдық санада әйелдер мен ерлер құқықтарының қатынастарындағы теріс стереотиптерді еңсеруге жәрдемдесу қажет.

2.4 Есептілік қағидаты (қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту)

2.4.1 Азаматтық қоғам ұйымдары өз күш-жігерін қоғамдық проблемаларды шешуге, әлеуметтік шиеленісті шешуге, мақсатты топтармен байланысқа жұмсайды.





2.4.2 Қоғамдастық алдында азаматтық қоғам институттарының (студенттік және жастар ұйымдарының) рөлін күшейту және олардың шешімдер қабылдауға және Қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді басқаруға ықпал ету міндеті тұруы тиіс.

Бұл үшін мынадай шараларды әзірлеу және іске асыру қажет:

1) Қоғамды басқару бойынша шешім қабылдау процесінде ашықтықты арттыру үшін басқарудың алқалық органдары (Ғылыми кеңес және т.б.) құрамына студенттік қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ету.

2) студенттік қоғамдастықтың түрлі институттары арқылы, оның ішінде студенттік өзін-өзі басқару институты арқылы азаматтық бақылау тетіктерін күшейту.

3) ұжым/қоғам алдында Қоғам қызметі туралы бірінші басшының есебін жыл сайын тыңдау.

4) профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттер қауымдастығын тарта отырып, жобаларға, нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу.

3-тарау. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтық және айқындық жүйесі

3.1 Жауапкершілік / Корпоративтік басқару (алқалы шешімдер қабылдау, қоғам мен білім алушылардың шешімдер қабылдауға қатысуы)

3.1.1 Осы Стандартта корпоративтік басқару транспаренттілік пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және барлық үдерістерді басқарудың ашық жүйесін құру мақсатында Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылады.

Қоғамдағы корпоративтік басқару міндетті түрде әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсіпқойлыққа және құзыреттілікке құрылуы тиіс. Корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылықты қолдауға және білім алушылар мен қызметкерлер үшін парасатсыздық пен сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті дамыту бойынша нақты азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Алқалы органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің, жұртшылықтың бейнетіркеу құралдарын қолдана отырып, міндетті түрде қатысуын/келуін қамтамасыз ету қажет.

Алқалы органдардың мүшелері:

1) Қоғам мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін, оларға жүктелген міндеттерді адал емес орындауға;

2) Қоғам мүлкін жеке мақсатта пайдаланбауға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде;

4) корпоративтік мәселелер бойынша объективті емес пайымдаулар үшін;

5) өкілеттіктен асатын іс-әрекеттері үшін және өкілеттіктерді тек олар берілген мақсаттарда ғана пайдалануға;

6) Қоғам қызметкерлерімен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін іс-әрекеттері үшін;

7) өз өкілеттіктері мен функцияларын тиісінше орындамағаны үшін;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес келмейтін іс-әрекеттері үшін;

9) Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға жауапты болады.

3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтау дайындығын көрсету

3.2.1 Алқалы органдардың қызметі осы орган қарайтын мәселелер тізбесін айқын ажыратып, ережемен регламенттелуі тиіс.

Алқалы органдардың мүшелері өздерінің функционалды міндеттерін, қабылданған

шешімдер үшін құқықтары мен жауапкершілігін білуге міндетті.

3.2.2 Қоғамда әзірленген бизнес-үдерістердің ашықтығын регламенттейтін құжаттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауға дайын екендігін куәландыруы тиіс.

Қоғам ұйымның барлық нормативтік және өзге де құжаттарында, меншікті бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда, күнделікті қызметте өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт нормаларын сақтауға бейілділігін айқын және бір мәнді атап көрсетуі тиіс.

3.3 Академиялық парасаттылық (адалдық)

3.3.1 Парасаттылық - бұл білім беру процесіне қатысушылардың және білім беру мекемелерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын, кәсіптік ортаны қалыптастыратын және нығайтатын, оларға осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге тұрақты міндеттемесі.

Университетте академиялық парасаттылықты (адалдықты) ілгерілетудің негізгі өлшемдері:

- 1) академиялық адалдық - білім беру және зерттеу процесінің негізгі құндылығы;
- 2) академиялық адалдықтың нақты, әділ және объективті стандарттарын, дәйексөз және мінез-құлық ережелерін сақтау.
- 3) білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлері плагиатты тексеру үшін тексерістен өтеді. Плагиатты тексеру қағидасы мен тәртібін жоғары оқу орны белгілейді;
- 4) білім алушының академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі.
- 5) өзінің оқыту нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі шеңберінде білім алушыларға жоғары талаптар қою.
- 6) өз оқуын аяқтаудың ең жақсы мүмкіндігін беру.
- 7) дипломмен расталған кадрларды даярлау сапасына жауапкершілік.
- 8) академиялық адалдықтың принциптері мен стандарттарын, өзара сыйластық пен әділдікті үйрететін оқытушы ретіндегі жоғары жауапкершілікті қамтамасыз ету.
- 9) академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау Университеттегі барлық білім алушылар мен қызметкерлердің өзара күш-жігерінің нәтижесі болып табылатындығын мойындау.
- 10) академиялық адалдық принциптерін сақтау бойынша Университеттегі әрбір білім алушы мен қызметкерлердің жүктелген міндеттерді адал орындауы.

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен мынадай қылықтар академиялық ретсіз (адал емес) деп танылады:


Плагиат, көшіру, қайталау, бұрмалау, жасыру, сөз байласу.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, корпоративтік әдеп)

4.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (бұдан әрі - Қызмет) жұмысының негізгі мақсаты Қоғамның, оның қызметкерлерінің және білім алушылардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, корпоративтік әдеп кодексін, ішкі тәртіп қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу.

4.2 Қызметтің міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең озық халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;



4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

4.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шекаралары мен қолданылуын айқындау) оның әрекет ету саласын белгілеу үшін мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жүйелі негізде бағалау жүргізу;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін бағалау үшін критерийлерді белгілеу;

3) жоғары басшылықтың (басқарушы органның) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне қатысты көшбасшылық пен міндеттемелерді көрсетуі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау, талдау және жақсарту үшін жоғары басшылықтың (басқарушы органның) жауапкершілігі;

5) тиісті жауапкершілік пен қажетті өкілеттіктер бере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтаудың ішкі қызметтерінің болуы;

6) жоғары басшылық ұйым персоналына шешімдер қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді басқару құралдарын қабылдау немесе шешім қабылдау процесін әзірлеу және қолдау;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуі үшін маңызды ішкі және сыртқы коммуникацияларды айқындау;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті процестерді жоспарлау, енгізу, талдау және басқару;

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді басқару үшін қаржылық және қаржылық емес бақылау тетіктерін енгізу;

10) ұйымдар мен іскер әріптестер бақылайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді енгізу;

11) ұсыныстарды, сыйлықтар беру немесе қабылдауды, шығындарды төлеуді, қайырмалдықтар төлеу және басқа да пайда алуларды болдырмау мақсатында рәсімдер енгізу;

12) қызметкерлерге адал ниетпен немесе негізделген болжаммен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметіне немесе тиісті лауазымды адамдарға (не тікелей не тиісті үшінші тарап арқылы) парақорлықтың болжамды немесе орын алған жағдайлары немесе кез келген сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі әлсіздік туралы хабарлауға ынталандыратын және мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізу;

13) анықталған немесе негізді түрде болжанатын немесе олар туралы ақпарат келіп түскен сыбайлас жемқорлықтың кез келген жағдайына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын бұзуға қатысты тергеу және шаралар қабылдау жөніндегі рәсімдерді енгізу;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызмет нәтижелерін бағалау;

15) салауатты әлеуметтік ортаны және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру үшін студенттерді Қоғамды басқару процесіне тарту.

4.4 Қоғамдағы парасаттылық мәдениеті оқытушының, қызметкердің және білім алушының әдептілік мінез-құлқының келесі моделіне негізделуі тиіс:

1) адалдық;

2) автордың және оның мирасқорларының құқықтарын қорғауын жүзеге асыру;

3) ашықтық;

4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;

5) теңдік;

6) оқытушы, қызметкер парасаттылық пен интеллигенттіктің, мораль мен

имандылықтың үлгісі, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісінің, тәртіпсіздік пен жауапсыздықтың принципті қарсыласы болуы тиіс;

7) оқытушы, қызметкер өз қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде студенттермен тәрбие жұмысын, олардың білімі мен мәдениетіне қамқорлық жасауды, өз Отанының шынайы патриоттарын тәрбиелеуді айқындауы тиіс;

8) оқытушы, қызметкер сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұруға және оның алдын алу шараларын қолдануға міндетті;

9) оқытушы, қызметкер өзінің кәсіби міндеттерін орындауда студенттерге сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейтіндігін көрсетеді, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жалпы танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген моральдық құндылықтар, міндеттемелер мен адал мінез-құлық талаптарын насихаттайды;

10) оқытушы, қызметкер кәсіби қызметінде адал және әділ болуға және өз әріптестері мен студенттерін бағалауға, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болуға, басқа жағынан қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерінің жолын кесуге, өз тарапынан мұндай бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс;

11) Университетте білім алушы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, таңдаған мамандығының кәсіпқойы болуға, жеке тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылуы тиіс;

12) білім алушы оқытушыны адам және жеке тұлға ретінде құрметтеуі тиіс, бұл ретте оқытушының өз міндеттерін адал орындауына кедергі келтіретін қандай да бір жеке, мүліктік, қаржылық және өзге де мүдделердің ықпалымен байланысты кез келген әрекеттерді болдырмауы тиіс;

13) білім алушы оқуға және білім бақылаудың барлық нысандарына адал қарауы тиіс, оқу процесінде адалдық, ұқыпсыздық және адалдық болмайды деп санауы тиіс;

14) білім алушы сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбейтін және бірінші кезекте, өзінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына жол бермейтін парасаттылық, мәдениет және мораль үлгісі болуы тиіс.

5-тарау. Функционалдық міндеттерді орындау, қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру әрекеттері кезінде Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мінез-құлық қағидалары, шектеулер мен тыйым салулар, ұсынымдар

5.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық (қызметтік) міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) нормативтік актілердің жобаларын дайындау;

4) тіршілік етудің тиісті саласының ерекшелігіне қарай өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар ақылы көрініс тапқан.

5.2 Қоғамдық қатынастардың оңаша саласында (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде) жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-әрекет) қағидалары.

5.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамалары, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілері, өзге де нормативтік құқықтық актілер,

Министрдің бұйрықтары, сондай-ақ Министрліктің ережелері, ішкі нормативтік актілер, құжаттар талаптарын басшылыққа алу және бұлжытпай сақтау;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа да тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;

3) жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық және ілтипат таныту;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

5) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауы, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуі, кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін орынды сынды пайдалануы;

6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауы;

7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауы;

8) жасағаны үшін заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеу;

9) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, еңбек заңнамасының, сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген шектеулердің, Корпоративтік әдеп кодексі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

10) мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған жағдайда заңнама талаптарына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

11) өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде іскерлік әдепті және корпоративтік әдеп қағидаларын, Жарғының және Қоғамның басқа да нормативтік актілерінің талаптарын сақтау;

12) Қоғамның іскерлік беделін бағалау, Университеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе нұқсан келтіретін қызметке араласудан аулақ болу, оның имиджі мен беделін түсіретін кез келген әрекеттің жолын кесу;

13) Қоғам қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу; мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми жариялауға жатпайтын қызметтік немесе өзге де ақпаратты пайдаланбау;

14) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету қажет.

5.4 Ғылыми-білім беру және өзге де қызметтер көрсету кезінде:

1) тұрақты негізде білім беру, ғылыми және басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету сапасын арттыру, «университет-оқытушы-білім алушы» өзара іс-қимыл жүйесінде төрешілдік кедергілерге жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

2) өз білім деңгейін үнемі арттыра және отандық және шетелдік тәжірибені мен ғылымның қазіргі заманғы жетістіктерін зерделей отырып, кәсіпқойлыққа ұмтылу;

3) білім алушыларға қатысты лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланбауы, олардың білімін бағалау кезінде оларға біржақты қарауы және субъективизмге жол бермеуі;

4) білім алушылар мен басқа да тұлғалардан сыйлықтар мен ақшалай сыйақы қабылдамау;

5) плагиат және басқа академиялық бұзушылық фактілеріне жол бермеу;

5.5 Қызметтер көрсету және өзге де рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кезінде:

1) тұрақты негізде қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

2) көрсетілетін қызметті алушыларға қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді түрде толық және анық ақпарат ұсыну;

3) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеу, сол сияқты білім беру қызметтерін және өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету барысында әуре-сарсаңнан (төрешілдіктен) барынша аулақ болу;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермелеудің барлық фактілері туралы Қоғам басшылығына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне баяндау;

5) қызметтер көрсету процесін, қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті тұрақты жетілдіруді қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік таныту, басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және ынталандырмау;

7) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

8) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан тартыну.

5.6 Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету; сатып алуға байланысты кез келген шешімдерге шағым жасау құқығы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету; төрешілдік әуре-сарсаңға салмау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген қосымша талаптар белгілемеу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу рәсімдеріне, шарттар мен келісімдерге, келісімшарттарға және т.б. қатысты сатып алу циклінің барлық кезеңдері, сатып алу жоспарлары, біліктілік талаптары және т.б. туралы ақпаратты жария түрде және күні бұрын таратуды қамтамасыз ету;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

8) белгілі бір мердігерлерге басымдық беретін арнайы техникалық талаптар белгілеуді алып тастау, іріктеу өлшемшарттарының айқындылығын қамтамасыз ету, конкурстық өтінімді дайындау үшін жеткілікті уақыт беру;

9) осы әлеуетті өнім берушінің басшыларының және (немесе) осы өнім берушінің уәкілетті өкілінің өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие немесе тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылатын жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол бермеу;

10) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу;

11) жосықсыз өнім берушілерді тиісті Бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті органдарға хабарламалар жіберуді қамтамасыз ету;

12) Қажет болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жасалған шарттардың қолданылу кезеңіне жазбаны сақтау мерзімімен конкурстардың қорытындыларын шығарудың аудио және бейнетіркеуін қамтамасыз ету ұсынылады.

5.7 Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:



1) тиісті немесе тікелей басшыға, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке мүдделілік туралы баяндауға;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау мен алдын алуда белсенділік танытуға;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ сыйлықтар алуға тарту, материалдарды тездетіп карағаны үшін қандай да бір пайда көздеу не болмаса әуре-сарсаңға салу, сондай-ақ өзге де сыбайлас жемқорлық мінез-құлық туралы басшылыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне дереу баяндауға;

6) тікелей басшыға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне орындау үшін алған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

7) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса жоғары тұрған басшылыққа және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінуге;

8) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға міндетті.

5.8 Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, қабылдауға тікелей құзыреті болмаған кезде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге жол бермеуге;

